

Ж.Т. Салтақова^{1*}, Н.М. Мүрсәлімова²

^{1,2} М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹aibolanel_27@mail.ru; ²m_nasihath@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3161-2179; ²0000-0003-4875-9684

Ж. АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖИНАҒЫН ДАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Аңдатпа. Мақалада Жүсіпбек Аймауытұлының бірнеше аудармалары мен мақалалары текстологиялық зерттеулер негізінде сараланады. Жазушының 1917 жылдан бастап «Абай», «Ауыл тілі», «Жаңа әдебиет», «Сарыарқа», «Әйел теңдігі», «Жас қазақ», «Шаншар», «Ақ жол», «Қазақ тілі», «Еңбекшіл қазақ», «Жаңа мектеп», «Жас қазақ» сияқты мерзімді баспасөзде жарық көрген мақалаларында ұлттық мектеп, білім мен тәрбие, білім жүйесі, шаруашылық, кәсіп, әртүрлі қоғамдық мәселелерді қамтыған. Ал аудармалары негізінен әлем әдебиетінің әйгілі өкілдері – Ги де Мопассан, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор сынды классиктердің шығармаларынан тәржімаланған. Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларының академиялық жинағын дайындау барысында XX ғасыр басында араб әрпіне жарық көрген қаламгердің кітаптары мен баспасөз материалдары және тәуелсіздік кезеңінде әлденеше рет жарияланған ғылыми жинақтарындағы шығармалары өзара жолма-жол салыстырылып, алғаш рет жүйелі текстологиялық саралаудан өткізілді. Аталған жарияланымдарда әр қилы себептермен өзгертілген, қысқартылған мәтіндік әркелкіліктер толықтай дерлік қалпына келтірілді. Бестомдық академиялық басылымды әзірлеу барысында Жүсіпбек Аймауытұлының осы уақытқа дейінгі жинақтарына енген бірнеше аудармалары мен мақалалары жинаққа тыңнан қосылды. Мақалада жаңадан табылған аудармалар мен көсемсөздері атап көрсетіліп, осы уақытқа дейін әр жылдары жарық көрген жинақтарында жарық көрген кейбір мәтіндер түпбасылыммен салыстырылып, текстологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде кейінгі басылымдарда орын алған редакциялық өзгерістер анықталып, сарапталды.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» бағдарламасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: Жүсіпбек Аймауытұлы, мақала, аударма, текстология, Алаш, түпбасылым.

Ж.Т. Салтақова^{1*}, Н.М. Мурсалимова²

^{1,2} Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹aibolanel_27@mail.ru; ²m_nasihath@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3161-2179; ²0000-0003-4875-9684

ИЗ ОПЫТА ПОДГОТОВКИ АКАДЕМИЧЕСКОГО СБОРНИКА Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ

Аннотация. В статье, методом текстологических исследований, анализируются несколько переводов и статей Жусипбека Аймауытулы. Статьи писателя, опубликованные начиная с 1917 года в таких периодических изданиях, как «Абай», «Аул тили», «Жана адебиет», «Сарыарқа», «Айел тендиги», «Шаншар», «Ақ жол», «Қазақ тили», «Еңбекшіл қазақ», «Жана мектеп», «Жас қазақ» освещали вопросы национальной школы и знания, систему образования и воспитания, экономику, профессиональные и различные социальные вопросы. Его переводы охватывают тексты из произведений известных представителей мировой литературы-классиков Ги де Мопассана, Джека Лондона, Рабиндраната

Тагора. В ходе подготовки академического сборника произведений Жусипбека Аймауытулы книги и публикации писателя, изданные в арабской графике в начале XX века, были сопоставлены с произведениями в научных сборниках, изданных неоднократно в период независимости и впервые подвергнуты системному текстовому анализу. Текстовые несоответствия, которые по разным причинам имели место в результате изменений и сокращений в этих изданиях, были восстановлены в полном объеме. Впервые в пятитомное полное академическое издание включены несколько переводов и статей Жусипбека Аймауытулы, не вошедших ни в одно предыдущее издание. В результате исследования были выявлены и проанализированы редакционные изменения, имевшие место в последних изданиях.

Благодарность: Статья опубликована при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программы «Казахстанское литературоведение и искусствоведение в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного образования» на 2023-2025 годы.

Ключевые слова: Жусупбек Аймауытулы, статья, перевод, текстология, Алаш, оригинальное издание.

Zh.T. Saltakova^{1*}, N.M. Mursalimova²

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹aibolanel_27@mail.ru; ²m_nasihath@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3161-2179; ²0000-0003-4875-9684

FROM THE EXPERIENCE OF PREPARING THE ACADEMIC COLLECTION OF ZH. AIMAUTULY

Abstract. The article analyzes several translations and articles by Zhusipbek Aimautuly by the method of textual research. The writer's articles published since 1917 in such periodicals as "Abai," "Language of Aul," "New Literature," "Sary Arka," "Equal Rights of Women," "Shanshar," "New Way," "Kazakh Language," "Laborious Kazakh," "New School," and "Zhas Kazakh" covered the issues of national school and knowledge, the system of education and upbringing, economics, professional and various social issues. His translations cover texts from the works of famous representatives of world literature classics as Guy de Maupassant, Jack London, and Rabindranath Tagore. During the preparation of the academic collection of works by Zhusipbek Aimautuly, the writer's books and articles published in Arabic script at the beginning of the 20th century were compared with the works in the scientific collections published repeatedly during the period of independence and for the first time were subjected to a systematic textual analysis. Textual inconsistencies that, for various reasons, occurred because of changes and abridgments in these editions have been restored in full. For the first time, the five-volume complete academic edition includes several translations and articles by Zhusipbek Aimautuly that were not included in any previous edition. The study identified and analyzed editorial changes that took place in recent editions.

Acknowledgments: The article was published with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of the program "Kazakhstani literary criticism and art criticism in the context of the conceptual evolution of world humanitarian education" for 2023-2025.

Keywords: Zhusupbek Aimautuly, article, translation, textual criticism, Alash, original edition.

1. Кіріспе

Елді оқуға, білім алуға үгіттеп, зорлықшыл патша үкіметіне қарсы күрескен, XX ғасыр басындағы қат-қабат қайшылығы мол, күрделі кезең шындығын көркем шығармаға өзек еткен алаш қайраткерлерінің бірі Ж.Аймауытовтың отандық әдебиеттану ғылымындағы орны ерекше. Алаш қайраткерлері ақталғалы бері жазушы шығармашылығы жан-жақты жарияланып, әртүрлі қырынан зерттелуде.

Ж.Аймауытұлының шығармашылық мұрасын зерттеу, зерделеу XX ғасырдың 20-30 жылдарына бастау алды. Сол кезеңдегі қоғамдық жағдайға байланысты берілген пікірлер мен бағалаулар бір жақты десек болады. 1931 жылы «Литературная энциклопедия» жинағының 5-ші нөмірінің 19-бетінде төмендегідей пікір берілген: «Аймауытов занимает несколько своеобразное положение, отражая литературе мелко буржуазную идеологию. Аймауытова отличает от большинства писателей то, что он пишет гл.обр. на современные темы: все его герой взят из современной казахской жизни... Многие его произведения, пропитаны крестьянской ограниченностью, национальным шовинизмом, окрашены пессимизмом. Можно отметить его роман «Карткожа», повести «Кызыл-бике», «Елес», «Кунекейдин жазиги», пьесу «Шернияз», рассказы «Кошпели Кожебай» и т.д. до 1925 Аймауытов занимался также критикой. Но в этой области он стоял на позиции мелко буржуазного идеалистаниционалиста». Осындай сынға ұшыраған тұлғаларымыз осы кезеңде «елдің тәуелсіздігін, сыртқы басқыншылыққа қарсы күрес идеясын жырлаған «ұлтшыл» атанды. Әдебиет жасаушы ірі қайраткерлер «буржуазияшыл», «ұлтшыл», «халық жауы» деген атақтар жамылып, жазаға тартылды» (Қирабаев, 2007). Ғалым Қ.Мұхамедханов Ж.Аймауытовтың бай әдеби мұрасы туралы: «Жүсіпбектің әдеби мұрасы зерттелген емес, зерттелмек түгіл, сонау 20-жылдардан бастап Аймауытұлын арандату әрекеті, оған жазықсыз жабылған пәле-жала Жүсіпбектің көзі жойылғанша, жойылғаннан кейін де, толастанған емес. Ол өз алдына зерттелетін мәселе» (Мұхамедханов, 1992:391) деген пікірінен жазушының шығармашылығының әр кезеңде зерттеле беретінін аңғаруға болады. Осы ретте біртуар қаламгер Жүсіпбек Аймауытұлының есімі мен елі үшін еткен шығармашылық, қайраткерлік еңбегі 1920-30 жылдардан бастап түрлі сипатта сыналып, баға беріліп келгендіктен тәуелсіздік алғанға дейін арнайы зерттеу нысанына айналмағаны белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейін шығармашылық мұрасын зерттеуге кеңінен жол ашқан зерттеушілердің бірі ретінде көрнекті ғалым Қ.Мұхамедханов, академик С.Қирабаев, Ш.Сәтбаева, Ш.Елеуенов, Т.Қожакеев, Р.Нұрғали, Б.Майтанов, Б.Байғалиев, Т.Жұртбаев, Б.Құндақбаев, М.Атымов, Р.Тұрысбек, Д.Ысқақұлы, Д.Қамзабекұлы, Г.Орда, Н.Қуантайұлы т.б. әдебиетші ғалымдар мен жас қаламгер, зерттеушілердің тынымсыз ізденістерінің арқасында жаңа қырынан толық түсуде.

Академик С.Қирабаев Жүсіпбектің әдеби мұрасы туралы: «Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық қызметі дәуірдің талап етуінен туды. Бұл бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интелгенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сипат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәуірі күн тәртібіне қойып отырған қажеттілікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург те, сыншы да, ғалым да болып еңбектер жазды» – деп жазады (Қирабаев, 1995:26). Сан қырлы Алаш қайраткерінің академиялық жинағын дайындау барысында оның шығармаларының түпнұсқасына қайта үңілуге, текстологиялық зерттеулер жүргізуге, жарияланбаған туындыларын іздестіруге мүмкіндік туды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында хронологиялық, тарихи-салыстырмалы, кешенді, текст-ологиялық зерттеу әдістері негізге алынды.

2.2 Материалдарға сипаттама

Тақырыпты зерделеуде ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдардағы газет-журналдарда («Еңбекшіл қазақ», «Қазақ тілі», «Ақ жол», «Абай», «Жаңа мектеп» т.б.) жарияланған мәтіндер, 2013, 2016 жылғы жарық көрген Ж.Аймауытұлының таңдамалы шығармалар жинағы және әдебиеттанушы С.Қирабаев, А.Ісімақова, Б.Байғалиев, Г.Орда, Н.Қуантайұлы сияқты ғалымдардың зерттеулері негізге алынды.

3. Талқылануы

Ж.Аймауытұлының ХХ ғасыр басында араб әрпінде жарық көрген баспасөз материалдары және осы кезеңге дейін бірнеше мәрте жарияланған ғылыми жинақтарындағы шығармалары өзара жолма-жол салыстырылып, жүйелі текстологиялық саралаудан өткізілді. Аталған жарияланымдарда әр қилы себептермен өзгертілген, қысқартылған мәтіндік әркелкіліктер толықтай дерлік қалпына келтірілді. Жазушының «Жк», «Танашбай», «Желкек» сияқты бүркеншік атпен жарияланған шығармалары анықталып, мәтіндері жинақталып, басылымды әзірлеу барысында осы уақытқа дейінгі жинақтарына енген бірнеше мақалалары мен аудармалары жинаққа енді.

Жүсіпбек Аймауытұлының «Қызыл отау, Қызылбике» атты әңгімесі алғаш рет «Әйел теңдігі» журналының 1929 жылдар 2 санынан бастап 10 санына дейінгі аралықта үзбей жарияланған. Әңгіме 2013 жылғы көптомдықта жарық көрген (Аймауытов, 2013:435). Мәтінді түпбасылыммен салыстыру барысында 2013 жылғы басылымда төмендегідей мәтін бөлігі енбей қалғаны анықталды: «Дерт жұқтырмауға, құртын құртуға қара сабын жақсы деп, қаладан сондай үш сабын ала шыққан еді.

Әйтсе де ел ішінде дерттен сақтануға да болмайды: бір табактан ет жейсің, бір аяқтан қымыз ішесің, бір орамалға қол сүртесің, бір төсекке жатасың. Сен қол сұққан табаққа көксау да, мерез де сұғады. Сұкса күйедей жұғады. Сен қымыз ішкен аяқтан алдымда пәленше, түгеншелер де ішіп кетеді. Олардың қандай жұқпалы дерті барын кім біліпті.

Ауылға араласпай тұра алмайсың. Аралассың, дерттен, биттен, кірден, өңезден қашып құтыла алмайсың. Сен жиреншек, «менсінбейді» деп, сенен ел де жиренеді. Соның бәрін көре-біле тұрса да, мидай араласып жүрсе де Қызылбике күніне қолын 3-4 рет қара сабынмен жуғанды көңіліне медеу қылады. Аурудан сақтандым деп сенеді. Қызыл бике оқыған, тазалық, саулық жаймен білген әйел ғой» (Әйел теңдігі, 1929).

Жүсіпбек Аймауытұлының аудармалары негізінен әлем әдебиетінің әйгілі өкілдері – Ги де Мопассан, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор сынды классиктердің шығармаларынан алынған. Сонымен қатар қазақ оқырманына бұған дейін кеңінен таныс болмаған Семен Чуйков, Конрад Беркович, Я.М.Окунев сияқты қаламгерлердің кейбір туындыларының аудармалары алғаш рет ұсынылып отыр.

Жазушы К.Берковичтің «Мұрда» атты әңгімесінің жалғасын «Мұрданың өлімі» деген атпен аударған. Аударма 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланып, «қазақшаға аударған Аймауытұлы Жүсіпбек» деп көрсетілген. Алғашқы жарияланыммен 2013 жылғы басылымдағы мәтінді салыстыру барысында төмендегі мәтіннің бөлігі енбей қалғаны анықталды: *«Қарттың жарасын қарады да, дәрігер тағы бір дәрігерді шақырды. Сұрамастан, дәнеге етпестен, екеуі Мұрданы дәрімен ұйықтатып тастап, жарасын сылып тазалады. Мұрда оянганда, қайыспен үстелге*

мықтап тұрып таңулы жатқанын бірақ білді. Оянғанда Мұрданың қайтерін білмей, бұл туралы дәрігерден сұрағанмын. Бірақ Мұрда бір түрлі мүлейіп, көңіш боп қапты. Маған қасыма отыр деп сұрады. Соңғы айларда жөнді ұйқы көрмеген Мұрда, ұйқысы түзеліп, тыным ала бастаған соң біржолата сауығып кетті. Дәрігер оған өз үйінен бір бөлме шығарып берді. Енді біраз күн өткенде Мұрда қайтуға қамданды. Жүрейік деп жатқанда маған айтты:

– Мен сенің маған жазығың бар деп санағым келмейді. Сенің маған жолда келе жатқанда айтқандарың ертегі болса, дұрыс, қала берсін. Ал шын болатын болса, бір жылғы өмірімді құрбан қылсам да, өз көзіммен көргім келеді, – деді.

Бес мүнөттен кейін дүрбіні жарыққа әкеліп қойдық. Бір кішкене шыныға бірдеме жақты да, дәрігер дүрбінің аузына келтіріп қойды. Сонсоң Мұрданы дүрбіге алып келді. Жыбырлаған, быжынаған нәрселерге қарт маздем дүрбімен биенің бір сауымындай қарады. Маған оңаша болғым келеді деді де үйден шықты.

Ертеңінде жол үстінде келе жаттық. Божыны Мұрда ұстап келеді. Мен қатар отырмын. Ұзақтың сары күні «ләм» деп ауыз ашқан жоқ. Кешкі тоқтаған жерде:

– Ал, енді, қалай, менің жындарым барлығына көзің жетті ме? – дедім.

– Өлтіруге болмайтын сонша уақ жәндіктер болады деп, мен өмірі ойлаған емен. Олар бізді өлтіреді, біз оларға түк қыла алмаймыз. Күні бойы сол көргенімді ойлап келе жатыр ем, үлкендігін құмырсқамен салыстырғанда, олардың жанында құмырсқа кісідей зой. Бір тамшы суға мың мүлиенін тоғытуға болатын»...(Жаңа мектеп, 1926).

Жазушының «Темір құйын («25 октябрь» деген повестен бір кикым)» атты аудармасы бұрынғы көптомдықтарға енбеген. Деректерге сүйенсек, жазушы Я.М.Окунев кейбір деректерде Окунь деген орыс жазушысының «25 октябрь» повесінен үзінді. Я.М.Окунев 1882 жылы Бендер қаласында дүниеге келген. Одесса қаласындағы Новороссийск университетінің тарих-филология факультетінде оқыған. 1903 жылы төңкеріске қатысқаны үшін оқудан шығаралады. Бірнеше кітаптың авторы. 1932 жылы журналистік қызметпен Қарағанды қаласына іссапарға келіп, осы жылы Петропавл қаласында дүниеден өткен. Ж.Аймауытов аударған повестің бөлігінде 1917 жылы Петроград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы патша Қысқы бағын басып алу кезіндегі төңкерісшілердің іс-әрекетін суреттейді. Аударманың соңында «Аударушы ЖК» деп жазылған. Аударма «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 497 санында жарық көрген.

«Құтыру» – «Сырдария губерниялық малдәрігерлік кеңсесінің» нұқсаулығының аудармасы. Мақала «Ауыл тілі» газетінде 1926 жылы қыркүйектің 6-санында жарияланған. Түпнұсқада «Аударушы Аймауытұлы» деп көрсетілген. 2023 жылы Н.Қуантайұлы құрастырған «Елеусіз ерлер» атты кітапқа енген (Аймауытұлы, 2023: 352). Мәтін төте жазумен жазылған.

«Молла Румидің кітап жазуға қалай кіріскені» атты аударманың түпмәтіні 1926 жылы «Шытырман оқиғалар әлемі» («Мир приключений») атты журналда жарық көрген. «Шытырман оқиғалар әлемі» журналы – Ресей империясы мен Кеңес Одағында тек орыс және шетел жазушыларының шытырман оқиғалы және фантастикалық шығармаларын, ғылым мен техниканың қызықты жетістіктері туралы очерктері мен мақалаларын жариялаған тұңғыш иллюстрацияланған журнал. Баспа туындыларын отандық және шетелдік суретшілер тамаша көркемдеген. Журналды

П.П. Сойкин, бастапқыда «Табиғат және адамдар» журналының қосымшасы ретінде шығарған. Аталған журналдың 1926 жылғы 8-санында П.П.Дуровтың әңгімелеуімен жарық көрген бұл ертегіні Ж.Аймауытұлы 1927 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 9-санында жариялаған. Аударма соңында молла Руми туралы П.П.Дуровтың деректерін де қосымша ретінде ұсынған. Аударма жазушының бұрынғы жарық көрген жинақтарына енбеген.

«Күмәжнек (Әмиән)» атты аудармасы осы уақытқа кейін Ж.Аймауытұлының төл туындысы ретінде жазушының шығармалар жинағында жарияланып келген. 1924 жылы 12 қазанда «Ақ жол» газетінде «Жк» деген бүркеншік есіммен басылған аударма орыс жазушысы А.Чеховтың «Бумажник» атты әңгімесінің аудармасы екені анықталды (Аймауытұлы, 2023: 19).

Ж.Аймауытұлы шығармашылығының өзекті тақырыптарының бірі – әйел теңсіздігі екені белгілі. XX ғасырдың басындағы қазақ қыздарының бейнесі туралы ғалым Г.Орда және басқа ғалымдар «Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациялануы» деген мақаласында кеңінен тоқталған (Orda, 2021: 653-668). Осы тақырыпты қозғаған француз жазушысы Фердинанд Дюшеннің «Тамилла» атты романын Ж.Аймауытұлы «Дәмелі (Тамилла)» деген атаумен сәтті аударған. 1928 жылы Қызылордада төте жазуда жарық көрген түпбасылымның көлемі – 120 бет. Осы уақытқа дейін жарық көрген Ж.Аймауытұлы шығармаларына арналған жинақтарға енбеген аударманың 1926 жылы «Мысль» баспасынан М.А.Троцкаяның аударуымен жарық көрген орыс тіліндегі нұсқасынан аударылғанын анықтаған – PhD, алаштанушы Қ.Әубәкір (Аймауытұлы, 2023: 256). 1928 жылы Қызылордада жарық көрген түпнұсқа мен 2023 жылы жарияланған мәтінді салыстыру барысында біршама айырмашықтар бар екені анықталды. Мысалы: «Беташар орнына» деген атаумен берілген кіріспе бөлім, «Мәзен сопының масайрауы», «Күйзеліс», «Бала», «Жаңа құдалық» бөлімдері 2023 жылғы кітапта кездеспейді. Сонымен қатар, бірнеше сөйлемдер, абзацтар түсіп қалған. 1928 жылғы кітаптың соңында «Бөгде сөздер» атауымен мәтінде кездесетін орыс, француз сөздеріне түсінік берген (Аймауытов, 1928: 120).

Академиялық жинаққа әртүрлі тақырыптағы 50 ге жуық бұрынғы жинақтарға енбеген мақалалары топтастырылды. Солардың ішінде бұрын-соңды жарық көрмеген XX ғасырдың басындағы аштық туралы бірнеше мақаласы бар. Атап айтсақ, «Соңғы шығатын дауыс» атты мақаласының авторы «Желкек» деп көрсетілген. Бұл мақала «Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 84 нөмерінде (9 тамыз) жарық көрген. Мақалада сол кездегі Ырғыз ауданындағы аштық туралы баяндалған. Аштық құрсауындағы елге көмек беруді сұрап, сонымен қатар «ел басына күн туғандағы» басшылардың іс-әрекетін сынап жазады. Газетте мақала басында «Қазақстанда (КирЦИК назарына)», соңында «Х.А. бөтен газеттерде осыны көшіріп басса екен деймін» деген ескертпелер бар. Ал, «Ашыққан ел хәм Семей азаматтары» атты мақаласында 1922 жылы Семей өңірінің Ақмола, Қостанай аймақтарына жіберген көмектері, аштық комиссиясының атқарған істерінің есептері айтылады. Басқа да аймақтарды, жекелеген адамдарды көмек қолын созуға шақырады. Мақала соңына «Жүсіпбек» деп қол қойған. Жазушы «Атқа мін, азамат!», «Торғай аштарына апарылған жәрдем туралы» атты мақалаларында да аштық тақырыбына арналған.

Мәтіндер текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып, баспаға ұсынылды. Мысалы, «Емлені өзгертуге жоба» мақаласы осы бұрынғы басылымдарда қысқартылып жарияланғаны анықталды. Атап көрсетсек: *«Бұл айтылған дәлелдерге сүйеніп, қазақтың грамматикасы болмасын, яки тілі бөлек, пән ретінде оқылмасын, қазірден-ақ жаңа әдісті қолдану керек деп айтпаймын (өйткені, аттың сыры өзіме мәлім) жаңа бағытқа жағдай, жабдық сай емес.*

Басқаға еліктеп, қолдан келмес іске ұмтылу аз болғанда алаңғасарлық. Жоғарыдағы жаңа пікірлерді жазудағы мақсат: оқытушыларды бұл күнгі бағытпен аз да болса таныстыра кету. Қолымыздан келетін күрмеу кесек пайданы тапсақ, тым кейінтартпа бола бермей, алудан қашпалық. Әліміз келмейтін орында босқа арамтер болмалық деймін. Менің қолымыздан келерлік кесек пайда деп тапқаным: емлені жабайы, сәл түрге түсіріп хат танытуды ұялату». Барлық қысқартылған мақала бөліктерін көрсетуге шағын аңдатпада мүмкін болмады. Сондықтан, мәтін түпнұсқамен салыстырылып, барлық қысқартылған бөліктер қалпына келтірілді. Және де 2013 жылғы басылымда мақалада мысалға алынған әріптер, әліпби сол кезеңдегі төте жазуда берілген. Бұл қателіктер де түзетіліп, кирилл әрпіне өзгертілді.

Ал, 2013 жылғы жинақта жарық көрген «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба» атты мақалада мен түпнұсқаны салыстыру барысында: «Олай болса, қаріп азайту әңгімесі орталай заманға шейін созылуы мүмкін» деген сөйлемдегі «орталай» сөзі түпнұсқа бойынша «бірталай» болып өзгертілді. Мақала соңында «Газет басқармаларына, Қазақстан, Түркістанда шығатын барлық газеттер осы жобаны да көшіріп басуын тілеймін» деген сөйлем 2013 жылғы жинақта түсіп қалған. Мәтін түпнұсқамен салыстырылып, 2013 жылғы басылымда кеткен қателіктер түзетілді. «Ел газетке не жазбақ?» атты мақаласы осы кезге дейінгі жинақтарда «Ел газетке не жазады?» деген қате атаумен беріліп келген.

«Бардың жоғы болмайық» атты мақала алғаш рет 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №123 (851) 3-бетте жарияланған. 2023 жылы Н.Қуантайұлы құрастырған «Елеусіз ерлер» атты басылымға енген. Екі басылымды салыстыру нәтижесінде мына сөйлемдер түсіп қалғандығы анықталды: «Бұл ... оның қолы емес» деген тіркестегі «Бұл» сөзінен кейін «орын» сөзі, «...амал жоқ, күн көру керек» тіркесінен кейін «Музыка үйреткеніне ақы да алмайды», «Бұл үйреністен пайда бар ма, техникум балаларының кейбірі күйші болғаны пайдалы ма?» деген сөйлемдегі «бар ма» сөзінен кейін «жоқ па», «...қазақ театрына алдырып ап» деген тіркесіндегі «ап» сөзінің орнына түпнұсқада «ай» деп жазылған.

«Неке неге бекем емес?» мақаласы алғаш рет 1928 жылы «Әйел теңдігі» журналының №8 (32) 45-бетте жарияланған. 2023 жылы Н.Қуантайұлы құрастырған «Елеусіз ерлер» атты басылымға енген. Алғашқы басылымды 2023 жылғы жинақпен салыстыру жұмысы нәтижесінде: «Күйеуіне көңілі толмағандар кейін қойды» деген сөйлемдегі «кейін» сөзінің орнына түпнұсқада «кетін» деп жазылған. «...қатынын тастау» деген тіркестен кейін түпнұсқадағы «ағарақ:» деген сөз қалып қойған. Осы мақаланың түпнұсқасында «Бұл мақаланы пікір алмасу ретінде жібердік. Мақалада қата пікірлер көп. Оған жауапты кейін жазбақпыз, бұл мәселе туралы оқушылары-

мыз пікірлерін жазуды өтінеміз» деген ескерту болған. Ол сноскамен берілген. «Кім айтты?» деген сөйлемдегі «айтты» сөзінің орнына түпнұсқада «айыпты» деп жазылған. «...әкімге шағымы қалған» деген тіркестегі «шағымы» сөзі түпнұсқада «жағынып» деп жазылған. «Әуелі бірін бірі қандай сүйіп қосылса» тіркесіндегі «Әуелі» сөзі түпнұсқада «Әуеліде» болып жазылған. Мақаланың соңына түпнұсқада «Ақыл» деп қойылған.

«Қос моншаға түсіп қараңыздар» атты мақала алғаш рет 1928 жылы «Әйел теңдігі» журналының №9 (33) санының 31-бетінде жарияланған. 2023 жылы Н.Қуантайұлы құрастырған «Елеусіз ерлер» атты басылымға енген. 1928 жылғы басылымды 2023 жылғы жинақпен салыстыру нәтижесінде мынандай өзгерістер анықталды: «...бәрін салбыратып жүрген сағатын көріп» тіркесіндегі «бәрін» сөзі түпнұсқада «бауын» деп жазылған. «Сонда көп сағаттың» деген тіркестегі «көп» деген сөзден кейін түпнұсқадағы «қотарма Мақамбай бай да бір сағат сатып алады, бұл онша әріде емес» деген сөздер қалып қойған. «Кейбір ауыртпалықтар «грязь» (кір) деп үрлеп» сөйлеміндегі «ауыртпалықтар» сөзі түпнұсқада «еуропалықтар» деп берілген. «...көбінесе артық көйлек, дамба кимейді» деген сөйлемдегі «көбінесе» сөзінен кейін түпнұсқадағы «бірден» сөзі қалып қойған. «...басқа жастар өзі» деген тіркестен кейін түпнұсқада «дері бастаса, елге жетекші болып, пайдасымен көрсетсе, ел де біртелеп» деген сөздер бар. Мақаланың соңына «Таңашбай» деп қойылған қолы да түсіп қалған.

«20 минутта тынығасың» мақаласы 1928 жылы «Әйел теңдігі» журналының 2-санында басылған. Бұл мақала алғаш рет жарық көріп отыр. Мақала әйел теңдігі, қоғамдағы әйел адамдардың мәртебесін көтеру т.б. сияқты мәселелерге арналған.

Ж.Аймауытұлының «Еңбекшіл қазақ» газетінде «Ашық хат» тақырыбымен екі мақаласы жарық көрген. Екі мақаланың мазмұны ұқсас болғандықтан, бір түсінік берген жөн деп таптық. Алғашқысы 1926 жылы 19-қарашада басылған. «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар» деп аталады. Екіншісі «Торайғырұлының жиналған сөздері» 1927 жылдың 18-қаңтарында жарияланып, мақала соңында «Аймауытұлы Жүсіпбек» деп қол қойылған. Мәтіндерді түпнұсқамен салыстыру барысында «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар» атты алғашқы ашық хаттың түпнұсқадағы «Қазақтың оқу комиссариаты» деген сөз тіркесі 2013 жылғы жинақта «Қазақстан оқу комиссариаты» деп, «Жанынан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін» сөйлеміндегі «қастерлемесін» сөзі «қастерлемекші» деп өзгертілген. Түпнұсқада аталған сөйлемнен кейін жұлдызша белгісі қойылып, сілтемеде берілген. Сілтемеде «Жүсіпбектің бұл пікіріне қосыла алмаймыз. Шындап келгенде ел ішіндегі белгілі бір топтың ары, зары болады. Ақынды қастарлегенде ел ішіндегі үстем тапқа пайдасы тиген (не көркемдік жағынан, не пікір жағынан) ақынды ғана қастерлейді. Бізде Абай, Сұлтанмахмұтты қадірлеп отырсақ, бұларды да осы оймен қадірлеп отырмыз. Қазақ еңбекшілеріне пайдасы бар ақын деп отырмыз. (Басқарма)» деп жазылған. 2013 жылғы жинақта сілтеме тұтасымен алынып тасталған. Мәтін түпнұсқамен салыстырылып, қателіктер түзетілді.

Әр жылдары жарық көрген шығармалардың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, олардың арасында айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге

болады. Томды дайындауда В.Қ.Күзембаеваның құрастыруымен 2003 жылы жарық көрген «Қайта оралған қаламгер» кітабы, 2013 жылғы алтытомдығы, Н.Қуантайұлы құрастырған «Елеусіз ерлер» (2023) жинағы пайдаланылды.

4. Зерттеу нәтижесі

Осы жинаққа енген Ж.Аймауытұлының мақалалары өз дәуіріндегі күн тәртібінде тұрған өткір де өзекті мәселелерді көтерген. Жай ақпараттық сипатта жазылғандарының өздері оқырманға аса зор әлеуметтік немесе саяси мәселелерді көлденең тартады. Тіпті содан бері жүз жылға жуық уақыт өтсе де, кейбір мәселелер қазақ қауымының күн тәртібінен түспей, әлі күнге өзекті болуда. Атап айтқанда, жер-су немесе тіл проблемалары «Мемлекет құрылысы», «Қазақ тілін іске асыру қамы», «Емлені өзгертуге жоба», «Мектеп қандай болу керек» және тағы басқа да көсемсөз үлгілерінің негізгі арқаулары (Қуантайұлы, 2013: 291).

Ғалым Г.Орда қаламгердің көсемсөздері туралы: «Ж.Аймауытұлы қазақ көсемсөзінің қалыптасуы мен дамуына да өлшеусіз үлес қосты. Оның мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалаларын өз ішінен іріктейтін болсақ, көркем шығарма туралы «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Театр кітабы туралы», «Мағжанның ақындығы туралы», «Әдебиет мәселесі», «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», «Көркем әдебиет туралы» мақалалары күні бүгінге дейін өзекті. Емле туралы «Емлені өзгертуге жоба», «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба», ана тілі туралы «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Қазақ тілін іске асыру қамы», мектеп туралы «Мектеп қандай болу керек?», «Енді болыстық мектеп жайынан», «Үлгілі мектеп», «Жастардың тәрбие-тәлімі», «Жаңа мектеп туралы», «Хат таныту әдістері» және басқа ел өміріндегі көптеген өзекті мәселелерді дер шағында көтере білді», – деп жазады (Орда, 2024: 67-68).

Ж.Аймауытұлы шығармаларының академиялық басылымына осы уақытқа дейін ғылыми ортаға мәлім шығармалары барынша түгенделіп, мәтінтану ғылымының сарасынан өткізіліп, әр мәтінге енгізілген өзгертулер мен толықтырыла дәйектелген ғылыми түсініктер берілді. Мәтіндерде кездесетін жер-су атауларының, есімдердің көрсеткіштері, сөздіктер, пайдаланған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйіндемелер сияқты қосымшалармен жасақталды. Жинақтағы еңбектердің түпнұсқасы ретінде мәтіні ұсынылған басылымның факсимилі қоса берілді. Жаңадан табылған туындылар алдағы уақытта жазушы шығармашылығын терең зерттеу қажеттілігін айқындайды.

5. Қорытынды

Мәтіндер текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып, баспаға ұсынылды. Әр жылдары жарық көрген шығармалардың ішкі мазмұны бастапқыда бірдей болып көрінгенімен, олардың арасында айырмашылықтар бар екеніне көз жеткізуге болады. Жазушының 1918-1928 жылдар аралықтарында жарияланған мақалалары мен аудармаларының көшірмесі ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар қорынан, Орталық Ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазба орталығынан, ҚР Мемлекеттік архивінен, ҚР Ұлттық Кітап палатасынан, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорынан, РФ Ресей мемлекеттік кітапханасының тиісті бөлімдерінен алынды.

Әдебиеттер:

1. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Sultanova B., Abilkhayirov N., Abdrakhmanova K. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16>.
2. Аймауытов Ж. Алтытомдық шығармалар жинағы. 1-том.— Алматы: Ел-шежіре, 2013. — 384 б.
3. Аймауытов Ж. Алтытомдық шығармалар жинағы. 3-том. — Алматы: Ел-шежіре, 2013.— 384 б.
4. Аймауытов Ж. Дәмелі (Тамилла). — Қызылорда, 1928. — 120 б.
5. Аймауытов Ж. Қызыл отау, Қызылбике // Әйел теңдігі. — №2. — 1929.
6. Аймауытов Ж. Мұрданың өлімі // Жаңа мектеп. — №6. — 1926.
7. Аймауытұлы Ж. Елеусіз ерлер. — Алматы, 2023. — 352 б.
8. Жүсіпбек Аймауытұлы (1889-1930). Дәмелі // құраст.Қ.Әубәкірова. — Астана, 2023. — Б.19.
9. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. — Алматы: Білім, 1995. — 288 б.
10. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том.— Алматы: Қазығұрт, 2007. — 424 б.
11. Қуантайұлы Н. Алаш Орда баспасөзі және Жүсіпбек Аймауытұлы. — Өскемен: Altay-Пресс, 2013. — 291 б.
12. Мұқаметханов Қ. Жүсіпбек Аймауытов // Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. — Алматы: Жалын, 1992. — 452 б.
13. Орда Г. Жүсіпбек Аймауытұлы: ұлттық әдебиет пен ағарту саласындағы ізденістер мен көзқарастар. — «Керуен» ғылыми журналы. — 84(3). — 2024. — Б. 59-71. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05>

References:

1. Aimauytov Zh. (1926) Murdan's Death. Zhana mektep. No. 6. (in Kaz.).
2. Aimauytov Zh. (1928) Dameli (Tamilla). Kyzylorda. — 120 p. (in Kaz.).
3. Aimauytov Zh. (1929) Kyzyl Otau, Kyzylbike. Aiel tendigi. No. 2. (in Kaz.).
4. Aimauytov Zh. (2013) Six-volume collection of works. Volume 1. Almaty: El-shezhire. — 384 p. (in Kaz.).
5. Aimauytov Zh. (2013) Six-volume collection of works. Volume 3. Almaty: El-shezhire. — 384 p. (in Kaz.).
6. Aimauytuly Zh. (2023) Insignificant Men. Almaty. — 352 p. (in Kaz.).
7. Kirabayev S. (1995) The white pages of our literature. Almaty: Bilim. — 288 p. (in Kaz.).
8. Kirabayev S. (2007) Multi-volume collection of works. Volume 4. Almaty: Kazygurt. — 424 p. (in Kaz.).
9. Kuantayuly N. (2013) Alash Orda Press and Zhusupbek Aimauytuly. Ust-Kamenogorsk: Altay-Press. — 291 p. (in Kaz.).
10. Mukamekhanov K. (1992). Zhusupbek Aimauytov // Five lions: memories, essays and research articles. Almaty: Zhalyn. — 452 p. (in Kaz.).
11. Orda G. (2024) Zhusupbek Aimauytuly: research and views in the field of national literature and education. Scientific journal "Keruen". 84(3). — P. 59-71. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05> (in Kaz.).
12. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Sultanova B., Abilkhayirov N., Abdrakhmanova K. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16> (in Eng.).
13. Zhusupbek Aimauytuly (2023). Dameli // Compiled by K. Aubakirova. Astana. — P.19. (in Kaz.).